

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қазақ педиатрия ғылыми-зерттеу институтын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 17 маусым 1994 ж. N 672

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қазақ педиатрия ғылыми-зерттеу институты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының ғылыми және практикалық қызметінің негізгі бағыттары:

түрлі жас топтарындағы балалардың ауруы мен өлуі себептерін анықтау және балалардың денсаулық жағдайын нығайтуға бағытталған шараларды қолдану;

балалар арасындағы түрлі ауруларды емдеу мен олардың алдын алудың қазіргі әдістерін жетілдіру мен жаңа әдістерін зерттеп табу;

асқынған хирургиялық аурулар мен балалардың жарақаттануы кезінде диагностикалық және емдеу көмегінің, бала кезде кездесетін қатерлі жағдайларда интенсивті емдеу мен жан бітірудің оңтайлы әдістері мен ұйымдастыру жолдарын зерттеп табу;

дәрігерлердің-педиатрлардың, педиатрия мен балалар хирургиясы жөніндегі ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Педиатрия және балалар хирургиясының ғылыми орталығы туралы ережені бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі